



Ақмешіт

6 шілде
сенбі

№53 (1755)

2021 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

ЖЫЛ
30

ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті қызылордалықтар!

Елорда – жасампаздықтың жаңғырығы. Елорда – тегеурінді тәуелсіздіктің, еңселі елдіктің символы. Ерке Есідің бойында бейнесін қалыптастырған саяси-экономикалық келісімдер тұғырына айналған елорданың мерейлі күнімен құттықтаймын!

Уақыт өлшеммен қарыштап, идеялы мегаполис атанған айбарлы астанамызды қазір әлем қадірлейді. Өйткені бұл, теңдессіз талғам мен ерен еңбектің күдіреті. Төрткүл дүниені түгел тамсантқан сәулет өнері. Жаһандық құбылыс әкелген жетістік ордасы.

Біз егемен еліміздің арманы салтанат құрып, жауқазын жұлдыздары жарқыраған күнді дәстүрлі түрде үлкен мерекеге айналдырып келеміз. 23 жылдың ішінде рухани жаңғыру бесіндегі берекелі бастамалары қасиет дарыған астананы шыңға шығарды. Төбесіне күн байлап, көріктілерден көркін еселеп арттырды. Азаттықтың ақ-жолтай баласы – елордамыз Мәңгілік ел дәуірінің көшін бастады.

Елорда – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың және дархан пейілді халқымыздың еселі еңбегінің жемісі.

Қадірлі жерлестер!
Ел тағдырымен еңілес бас қаламыздың енесі әрдайым биік, Түркінің үміті, Алаштың арманы – елорда күні құтты болсын!

Ізгі ниетпен,
Қызылорда қаласының әкімі
Ғанибек ҚАЗАНТАЕВ

Ұлттың ескі заманнан қалған теңдік пен еркіндік туралы көрсеткіші – «өз отауым, дара орда» ұстанымы. Яғни, ежелден өзгенің дегеніне мойынсұнбай, тәуелсіздікті еншілеп, елдік жолына түсу көптің көксеген арманына айналған. Бұл тұрғыда қазақ елі де қайсар болмыс арқылы еркіндік жолында қаншама қырғын-қаспты өткеріп, болмысын бұзбауға, берекесін кетірмеуге талпынды. Тіпті ұлт зиялылары әлем-жәлем ғаламның кейпі тайып, түрлі саяси режим мен басқару қағидалары қайшыласқан XX ғасырдың өзінде заманға ілесіп, іргелі елдің болашағын қалыптастыруға күш салған-ды. Сәтінде ел ұстыны – астананы белгілеу, урбанизация әлеміне ауысу көшпелі өмір сүру моделіндегі халық үшін оңайға соқпағаны жасырын емес.

Расында, ел тарихындағы маңызды қадам астаналардың қалыптасуы, өркендеуі, экономикалық-мәдени ахуалға ықпалымен өлшенері анық. Отырықшылық мәдениеттен шеткері қалыптасқан қазақ халқы аштықтан зардап шегіп, өркенің игілігінен құр қалғанын жете түсінген шақта қалалық мәдениет пен өзгеше өмір сүру дағдысын игеруге асыққан-тұғын. Содан болар, қазақ арасында астананы географиялық, мәдени, экономикалық ерекшелікті ескеріп белгілеу, ұлт тарихындағы елеулі өзгеріс пен жаңалықты бас қаладан бастау секілді дағды ерте қалыптасты. Алғашқы жоғары оқу орны, театр, өнеркәсіп нысаның бас қаладан бастау алғанын аңғаруға болады. Бүгінгі «Астана күні» мерекесіне орай «Қазақ астаналары ұлт тарихына недей жаңалық енгізді? Қандай таңдаулы шешімдер бас қаладан басталды?» деген сауалға жауап іздеп көрейік.



АСТАНАЛАР АЙНАСЫ

ОРЫНБОРДЫҢ ОРНЫ

Мақаланың өзегіне айналған астаналар жүзжылдықтар қойнауындағы ескі шаһарлар емес, өткен ғасырда елорда атанған қалалар туралы болмақ. Осы орайда ең алғаш тілге оралатын шаһар – Орынбор. Қаланың астанаға айналу жолы Қазақ АКСР-нің құрылуымен тығыз байланысты. 1920 жылы 4 қазанда Орынборда Қазақ өлкесі Кеңестерінің құрылтай съезі өтіп, нәтижесінде Қазақ АКСР-і құрылды. Сол сәттен бастап Орынбор 1925 жылға дейін қазақтың астанасы деп жарияланып, көптеген Алаш зиялылары мен интеллигенциясының құтты қонысы атанды. Отаршыл Ресей де Орынбордың жана сипатқа енуіне қарсы бола қоймады. Себебі өрістеген шаһар экономикалық тұрғыда шығыс пен батысты байланыстырған ірі сауда орталығына ойысып үлгерген-тұғын.

Аз уақыт ішінде Орынбор Орта Азияның қоғамдық маңызға ие мәдениет ошағы ғана емес, саяси салмағы бар қалаға айналды. Сондай-ақ

шаһардың ел дамуына ең ықпал еткен саласы білім беру ісі еді. Көптеген жоғары оқу орындары қазақ даласынан ағылған мыңдаған жасқа батыстың білімін, өнерін, жаңалығын игеруге орасан мүмкіндік сыйлап, көзі ашық ұлтжанды ұрпақтың қалыптасуына әсер етті.

Тағы айта кетерлігі, ұлт баспасөзінің алғашқы қарлығаштары – «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналының жарық көрген мекені де Орынбор қаласы. Тәуелсіз баспасөз бен кәсіби журналистиканың жаңа сатыға көтерілуіне бірден-бір түрткі болған басылмалар тек сол кезгі жаңалықтың жарышысы емес, қазақтың өзгенің ілімін, білігін игеруге қауқарлы ұлт екенін тағы бір дәлелдеген шақ еді. Басылыммен берге Ахмет Байтұрсынұлы, Сәкен Сейфуллин, Бақытжан Қаратаев, Міржақып Дулатұлы, Мұстафа Шоқай, Халел Досмұхамедов секілді сандақтардың есімі, қызметі елге жайылып, абыройлы аты айықпала түсті. Әрине, шаһардың бұдан өзге сауда-саттық, маман әзірлеу, еларалық қатынас, әкімшілік

құзыретінің салмағы болғаны рас. Алайда қазақ үшін ең басты шарапаты ағарту саласында айқын байқалды. Сондықтан Орынбордың ел ардақтайтын тарихы Алаш зиялыларының адал еңбегімен тағдырлас болғанымен құнды екені даусыз. Қазіргі таңда алыс та жақын Орынбордың жат қолында қалғанына қынжылған жұрттың қала тарихын еске алғанда айтатыны да осы ақпар.

Алайда шаһар астана мәртебесін ұзақ сақтай алмады. Небары бес жыл бас қала статусын иеленген қала ақыр соңында Ресейдің құрамында қалып, қазақ елорданы солтүстіктен оңтүстікке көшіруге мәжбүр болды. Мұндай қадамға түрлі қоғамдық, ішкі-сыртқы саяси оқиғалар итермелегені сөзсіз. Оның үстіне зиялы қауым алып шаһардан салмақты мін тауып, үлере көшудің себебін ұлтты аман сақтап қалуға тегінен секілді. Атақты мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожанов «Ақжол» газетінің 1924 жылғы 17 желтоқсанда шыққан санына мынадай дерек қалдырыпты:

«Қазақстан астанасы орыстың туы тігілген қалада емес, қаласы жоқтықтан қазақтың киіз ауылында болса да, қазақ жұртшылығына жуық болуы керек. Қазақ астанасы болуға Орынбор қаласы шетте болғандықтан ғана жарамайды емес, қазақ қаласы болмағандықтан, қазақ ұлт мемлекетінің ұлтшылдығына орда болуына қисыны жоқтықтан жарамайды. Қазақ ұлт мемлекетшілігіне әдемі қала, ыңғайлы үйлер керек емес, жаман да болса, өз ордасы болуы керек. Орынбордан көшпей, қазақ ұлтының ішкі тіршілігі ондалып, қазақ еңбекшілерінің көпшілігінің қолына керекті шаралар іс жүзінде істелуі қиын», – депті қайраткер.

Бүгінгі уақыттың межесімен көз салсақ, асқан көрегенділікке құрылған болжамға еріксіз таналасыз. Заманның аунап түсерін ерте байқап, келер буының қасірет шектеуін ойлаған не деген ақыл десеңші. Әйтпесе, орысқа жаппарлас қоныстанған қаншама халық «кып бұрау» уақытында босамай, бүгінге дейін еркіндік сезіне алмауда емес пе! Егер ел астанасы екі-үш онжылдықтың шеңберінде Орынборда тұрақтаған болса, бүгінгі Тәуелсіздіктің бұлыңғыр болары анық еді.

2 БЕТТЕ

АСТАНА

*Нұр астана, айбынды орда еңселі,
Бірлігі мен теңдігінің өлшемі.
Елдігінің көк байрағын көтеріп,
Мәңгілікке мақтан тұтам мен сені.*

*Тонкөк пен Құлтеңінен оң берген,
Қасиетті өн бойына меңгерген.
Сарыарқа самалымен тыныстап,
Ерке Есіл толқынында тербелген.*

*Жүрек тербеп, көңіл кернеп сан арман,
Тамыры бар тектіліктен нәр алған.
Болашақтың бой тұмары – астана,
Азат елдің айбыны боп жсарған.*

*Келбетті өлке көз тартады керіліп,
Алтын арай шұақ нұра көміліп,
«Байтерегім» – елдігінің нышаны,
Байтақ елге бақ пен нұры төгіліп.*

*Егеменді ел берік болсын тұғыры,
Жүректенен тілек қосты Сыр ұлы.
Жаһандағы жақсылықтың жаршысы,
Айбыны асқақ, онегелі ғұмыры.*

*Нұрлы жолы көпке үлгі бас қала,
Болашақтың бақытына бастама.
Елбасының қолтаңбасы қойылған,
Даналықтың ескерткіші – астана.*

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

АРҚАДАН СӘЛЕМ!

«Нұр-Сұлтандықпын...». Осы бір ауыз сөз құлаққа сондай жағымды естіледі. Әрі туған елге деген мақтаншыл лебі есіп тұрғандай. Құтты мекенді шексіз сүйетіні сезіледі. Келбеті келіскен көрікті көшелер, көктегі күнмен таласқан эәулім ғимараттар, ісі жұпар аңқыған гүлзарлар бәрі-бәрі елорданың арайлы ажарын айшықтап тұрғандай. Төңірек түгел көз тартар кереметке толы. Бұл ғажап көрініске күз бола тұрып, ғашық болмау мүмкін емес. Әсіресе, ару қалаға қоңақ ретінде барған жандар қашанда осы ерекше сезімге өн-бойын жылытып, әсерленіп қайтады. Сарыарқа төсіндегі, ерке Есіл жағасындағы шырайлы шаһарды көріп, сұлулықтың не екенін ұғына түссенің. Алғашқы астанада дүниеге келіп, бүгінде түрлі себептермен елорданың тұрғыны атанған жерлестер бұл туралы не дейді? Арқа төсіндегі ару қаланың даму барысы мен тың өзгеріске толы тынымды тіршілігін олардың өздерінен естігенді жөн көрдік.

ДЕНСАУЛЫҚ

Аймақтан республикаға 22 сынама жіберіліп, оның 59 процентінен коронавирустың «Дельта» штаммы анықталған. Яғни, Қызылордада 13 адам вирустың «үнділік» штаммы жұқтырған. Бұл туралы Оңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз жиынында облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова мәлімдеді.

COVID-19: ӨНІРДЕ «ДЕЛЬТА» ШТАММЫН ЖҰҚТЫРҒАНДАР БАР



Бас санитар дәрігердің орынбасары өңірдегі эпидемиологиялық ахуалды күрделі деп бағалады. Оның айтуынша, еліміздің барлық аймағына вирустың жана штаммы тасымалданды деген ақпараттан соң әр облыс республикаға сынамалар жіберген. Тексеріс нәтижесінде вирустың «үнділік» штаммын жұқтырғандар біздің өңірде де бар екені анықталған.

Жалпы вирустың бұл түрі бұрынғысынан өзгеше. «Дельта» штаммын жұқтырған адам бір мезгіте 5-6 адамға ауру таратады. Вирустың клиникалық белгілері де небәрі 7 күн ішінде байқалады. Оның жұғу көрсеткіші де көп, жылдамдығы 60 процентті құрайды.

– Сондықтан да өңірде шектеулер мен карантинтік шаралар күшейтілді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымдарының мәлімдемесінде екі егілгеннен кейінгі қалыптасатын иммунитет үнді штаммына төтеп бере алады. Сондықтан ең басты үмітіміз егу шараларына басымдық берілуі қажет, – дейді басқарма басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова.

Вирустың бұл түрі ең алғаш рет наурыз айында Үндістанда анықталған. Ол 2-3 айдың ішінде 90 елге таралып, вирустың аса қауіпті түрі деп бағаланды. Бұл штаммды жұқтырған науқастардан буынның қатты ауырсынуы, іш ауруы, жүрек айну мен құсу, тамақ ауруы, іш өту мен мұрынның бітуі, бастың ауруы байқалады. «Үнділік» штаммды сарапшылар да қауіпті деп бағалап отыр.

Гамалея атындағы эпидемиология және микробиология Ұлттық зерттеу орталығының директоры Александр Гинцбургтің айтуынша, «Дельта» жасушаларды зақымдайды екен. «Бір жасушадан екінші жасушаға өтіп, көпжарлы жасуша тұзу арқылы таралады. Сондықтан ол ішке енгенде қан айналымында жүрген антиденелерге төзімді болады. Оның құлығы осындай», – дейді ол.

Қазақстанда үнді штаммын, яғни «SARS-CoV-2»-нің дельта нұсқасын жұқтырғандар алғаш рет Нұр-Сұлтанда 21 маусымда анықталды. Кейін вирустың бұл түрін жұқтырғандар Алматыда да бар екені айтылды. Ал соңғы ақпарат бойынша, жана штамм еліміздің барлық аймағына жеткен.

Алматының бас санитар дәрігері Жанарбек Бекшин науқастың іс сөзін нашарламауы мүмкін екенін және бастапқыда оның жағдайы кәдімгі тұмауға ұқсас болатынын айтты. Суық тиюдің алғашқы белгілері пайда болғаннан-ақ үнді штаммының ықтималдылығы жоққа шығармай, тез арада оқшаулауып, дәрігерге жүгінуі керек. Себебі жана штамм тез асқынады және аса қауіпті саналады.

Осы эпидемиологиялық жағдайға байланысты Қазақстанның бас мемлекеттік санитары Ерлан Қиясов жаңа қаулы қабылдады. Қаулы бойынша вакцина алмаған қызметкерлер офлайн режимде жұмыс істей алмайды. Апта сайын ПТР тест тапсыруға міндеттеледі.

Ойын-сауық іс шараларға, бұмкерлік кенсе қызметіне, түнгі және ойын клубтарына, театр мен кинотеатрға, облысарлық туристік тасымалға, жабық ойын алаңдарына, көрермендермен спорттық шара өткізуге, банкет залдарының қызметіне қатаң түрде тыйым салу әлі де жалғасады. Ал жаздық алаңдар мен қоғамдық тамақтану орындары 9.00-20.00 аралығында жұмыс істейді. Асханалар қызметіне 00.00-ге дейін рұқсат етілген. Қоғамдық көлік пен «Ashu» жобасына қатысатын нысандарының қызметіне шектеу жоқ. Ал сенбі-жексенбідегі демалыс күндері сауда үйлері, бассейн, спорт кешені, фитнес орталық, ашық және жабық базарлар жұмысын тоқтатуы тиіс.

Бұл қаулы 2021 жылғы 2 шілдеден бастап күшіне енді.

А.НУРАҒАЛИ

«Нұр-Сұлтанда тұрамыз»



Нұрбек ӘМИША, «Болашақ» бағдарламасының түлегі, журналист:

– Елордаға осыдан тура он жыл бұрын қыс мезгілінде отбасыммен көшіп келдік. Жергілікті телеарнадан «Хабар» телеарнасына жұмыс барысымен ауыстық. Мұнда келуіміздің басты мақсаты алған білімімізді жетілдіріп, өзімізді дамытып, үлкен ортадан тәжірибе алмасу еді. Сол кезде бас шаһардың қысы қатал болғанымен, айналамыздағы адамдар мен әріптестеріміз жылы қарсы қалды. Республикалық телеарнаның жауапкершілігі бізді шынғады. Онда тек сайдың тасындай іріктеліп, жан-жақтан жиналған мықты тілшілер қызмет етеді. Біз де солардың қатарынан табылу үшін тынбай еңбек еттік. Бұл жерде сапалы білім басты орында. Осында келіп, «Болашақ» бағдарламасының бар екенін білдік. Осы білім бәйгесінде бағымызды сынап, Англияға оқуға түстім. Мұны Нұр-Сұлтанда келгендегі ең үлкен жетістігіміз деп айтуға толықтай негіз бар. Елорда – мүмкіндіктің қаласы. Барлық жағынан білім алуға,

өсуге, дамуға жағдай қарастырылған. Тек өзіңнің күшің мен біліміңе сеніп, еңбектеніп жұмыс істесең, барлығының есігі айқара ашық.

2 БЕТТЕ

АСТАНАЛАР АЙНАСЫ

ҚЫЗЫЛОРДА – ҚҰТТЫ ҚОНЫС

Ел астанасының Орыбордан соңғы ендігі мекені Қызылорда қаласына ойысты. 1926-1929 жылдары Қызылорда Қазақ АССР-інің астанасы атанып, кеңес өкіметі тұсында шаһар тіршілігі қайта жанданған еді. Бүгінде зерттеушілер бас қала мәртебесіне Қызылорданың лайық деп танылуына бірнеше дәйекті мысалға келтіреді. Оның ішінде қазақтардың басым қоныстануы, теміржол стансасының орналасуы, Сырдария өзенінің жағасы болуы, «Ұлы Жібек жолының» бойы секілді артықшылықтар ықпал еткендей көрінеді. Сондай-ақ басшылық лауазымдағы Сұлтанбек Қожановтың өткір пікірі де басымдыққа ие болса керек. Өйтпей, Қызылорда қаласы төрт жыл қазақ елінің құтты астанасы, өнер мен мәдениет, экономика мен әлеуметтік көрсеткішінің бет-бейнесіне айналды.

Шынында, Сыр бойындағы бас қала астана болған кезеңде сан салада айтулы ілгерілеу байқалып, экономикалық әлеумет артқанын айту керек. Өсіресе, өнеркәсіп дамып, құрылыс қарқыны көтерілді. Қала көшелерінде электр жарығы жүргізіліп, кондитер фабрикасы, ет комбинаты, сыра зауыты, «Трудовик» атты тігін мекемесінің іргетасы қаланды. Қазақтың алғашқы ғылыми-зерттеу, жер қыртысын зерттеу, мал дәрігерлік-бактериологиялық және басқа институттары өз жұмысын осы қалада бастаған.

Сол сәтте қала халқының саны небәрі 22 577 адам болса да, өнер мен білім беру ісі қарыштап дамыды. Мәселен, Қызылордада алғаш рет қазақтың түрлі ғылыми институттары, кеңес-партия мектебі, халық ағарту институты, техникумдар ашылып, тек қазақ жерінен емес, көршілес елдерден оқу-білімге күштар жастар жылыа бастады. Халықтың шарайнасына айналған «Еңбекші қазақ» – «Советская степь» газеттері (қазіргі «Егемен Қазақстан» мен «Қазақстанская правда» басылмалары) жарық көріп, ақпарат айналымында санала мақала мен ізденістер жиі байқалды. Сыр өңірінің ауылу перзенттері Асқар Тоқмағанбетов пен Әбділді Тәжібаевтың алғашқы өлеңдері осы «Еңбекші қазақ» газетінде алғаш жарияланғанын білеміз. Оған қоса Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Лияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Қаламан Әбдіқайыров секілді ақын-жазушылардың сүйекті туындыларына алғаш куә болған да осы шаһар еді.

Шаһардың астана мәртебесіндегі мерейлі жемісі – театр. Қызылорда қаласында 1926 жылдың 13 қаңтарында алғашқы қазақ драма театрының (қазіргі М.Әуезов атындағы академиялық театр) шымылдығы түріліп, Мұхтар Әуезовтың «Еңлік-Кебек» пьесасы сахнаға шығарылған-тұғын. Сол сәтте қазақ театры өнер әлеміне Әміре Қашаубаев, Құрманбек Жандарбеков сынды тума таланттарды тарту етіп, ұлттық мәдениеттің өркендеуіне теңдесіз үлес қосты. Сондықтан Сыр бойындағы бас шаһар астана болған төрт жылда айтарлықтай өзгеріп, елдің келешек даму сұрлеуін салды деуге толық негіз бар.

Алайда бас қаланың мәртебесі сұлу Сырдағы шаһарға да көп тұрақтамады 1929 жылы астана Қызылорданың Алматыға көшіріліп, жаңа бір белеске бет алды. Бүгінде тарихшылар Сырдан бас тартудың басты себебін табиғи апатпен байланыстырады. Бас шаһар Сырдария өзенінің жағасында орналасқандықтан бірнеше рет қала су астында қалыпты. Осыған орай 1927 жылы қазақтың астанасын Алматы қаласына көшіру туралы пікір қозғалып, ақыры қолдау табады. Осылайша 1929 жылдың мамыр айында Алматы ресми астана атанып, жарты ғасырдан астам айыройлы мәртебені тұрақтаға алды.

АЛМАЛЫ ШАҒАР – АЛАШ МҰРАСЫ

Жер жәннаты Жетісуда орналасқан алып қала Алматы ежелден орнықты орта, тұнық табиғат, қолайлы табиғатымен танымал. Елорданы Қызылорданың Алматыға көшірудегі бірден-бір себеп те жайлы климат болса керек. Өсіресе, ауыл шаруашылығын дамыту, кәсіпорындар санын артыру тұрғысынан Жетісу ең ұтымды мекен екені даусыз. 1929 жылдары шаһарға астана көшіріліп, елдегі қаржы-экономикалық, мәдени-әдеби толқын тың бағытқа өзгерді.

Алдыңмен қаланың сәулет өнерінде айтарлықтай өзгешелік орын алғанын тілге тиек ету маңызды. Өйткені астаналардың егемен елдің қалыптасуына жасаған ықпалы мен маңызды оқиғалар желісін жүйелегенде ұлттық қалып, мәдени кеңістікке қосқан үлесін атамасақ болмас. Себебі мұнда шығыс өркенінің нәзік иірімдері мен батыстың дәлдік пен нақтылыққа құрылған құрылыс шешімдері тоғысып жатты. Дәл осы шаһарда қазақ қоғамының қос мәдени ағысты тең игеріп, оны ұлттық салт-тұрпын сабақтастыру тәжірибесі қалыптасты десек болады. Өткен ғасырдың 60-

Басы 1-бетте

Жадыра ЖҮСПІН, «*Qazaqstan Vagrusu*» қазақ күресін қолдау және дамыту қорының баспасөз хатшысы:




– Қай қаланы болмасын, қала ретінде қалыптастыратын оның қаны, яғни тұрғындарының ыстық ықыласы, естеліктері, үміт-арманы, болашағы. Мен бұрын Нұр-Сұлтанға тек ғимараттар қаласы деп ойлаушы едім. Қазір сол ғимараттарға жан бітіп, тамырына жан жүтіргеніне күнделікті куә болып жүрмін. Алматы секілді бас қалада да жастар керемет студенттік шағын өткізіп, бірі өмірлік серігін жоюластырып, енді бірі ең қызықты күндерді өткізіп, ыстық ықыласқа бөленуде. Мәдениет пен көркем құндылыққа сай халықтық сана-сезім қалыптасқан кезде бас шаһар аса талғампаздық

Басы 1-бетте

«Нұр-Сұлтанға тұрамыз»

пен әсемдіктің үйлесімінен туған керемет қалаға айналды. Себебі кез келген адам өзінің тұтас елдің жүрегіне айналған Елордада тұратынын мақтан тұтатыны анық.

Айжан Молдабаева, Нұр-Сұлтан қаласының тұрғыны:



– Менің бұл қалаға келгеніме көп болмаса да, құдды бір Нұр-Сұлтанға байырғы тұрғыннандай тез бауыр басып кеттім. Оның аралап атқан әрбір таңына, көкжиектен ауған қызылқұрең күніне ғашық болып үлгердім. Аспанмен тілдескен зәулім ғимараттардың әсемдігі өз алдына бір бөлек. Мұндағы халықтың қонақжайлылығы да ерекше. Сондықтан болар, бұл шаһарды бөтенсініп, жаттық етпедім.

80 жылдары алматылық сәулетшілер қала объектілеріне ғана тән өрнек пен тәсілге жүгініп, ұлттық қолданбалы және декоративтік өнер элементтерін шығармашылыққа икемделді. Мұндай толқынның ізі монументальды мүсін өнері мен өзге де декоративтік өнерден жиі көрініс берді. Тіпті заманауи Алматы сәулетінен сол дәстүрдің сарқыншағын аңғару қиын емес. Сондықтан қазаққа Алматы шаһары шығыс пен батысты синтездеген «жаңа болмысымен» қымбат. Қаланың бас шаһар мәртебесіндегі жеткен байқалмас жетістігінің бірі осы.

Ал Елорда болған шақтағы экономикалық, ғылыми, демография өзгерістер бүгінгі жұртқа жете таным. 1930 жылы «Айнабулақ» станциясы аяқталып, екі ірі экономикалық аудан – Сібір мен Қазақстан жалғанды. 1930 жылы Алматы әуе жолы ашылса, бір жылдан соң Түрксіб темір жолы пайдалануға берілді. Осылайша Алматы мен Мәскеу қалалары теміржол, әуе қатынасы арқылы байланысты нығайтты. Бұл экономикалық тұрғыда жаңа кеңістікке жол салып, шаһардағы халық саны мен жұмыс күшінің артуына сеп болды. Мәселен, 1980 жылдардың басында қала халқының саны 1 млн адамнан асқан болатын.

Алып шаһар жайдарлы күнді ғана емес, қаралы сәтті де басынан көп өткерді. Соның бір мысалы – Ұлы Отан соғысының зардабы. Соғыс жылдары бүкілодақтық тыл жұмыстарын ұйымдастыруда жүктің басым бөлігі Алматыға түсті. Сол сәттен Алматы қаласына майдан шебінен 30 өнеркәсіп орны, 8 госпиталь, 15 жоғарғы оқу орны, орта кәсіптік білім беру жүйесі, 20-ға жуық ғылыми-зерттеу институттары, 20-дан аса мәдени орталықтар көшірілген. Оған қоса Ленинград, Киев, Мәскеу киностудиялары Алматыға ауыстырылды. Соғыс жылдары Қазақ опера және балет театры салу, 1950 жылы Қазақстан ғылым академиясының бас ғимараты мен Үкімет үйін салу қолға алынды.

Ең өкініштісі, қала тарихындағы қаралы күннің соңы бұл емес еді. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы қаншама жастың өмірін жалмап, сұраусыз кеткен қырғындардың көз жасымен тарихта қалды. Елдік пен ерліктің үлгісін көрсеткен жастар жалын жұтып, тәуелсіздік үшін жан аямады. Ширек ғасыр уақыт өтсе де қазақ астанасындағы сол бір қанды қырғынның жаңғырығы әр қазақтың кеудесінде қалғаны анық. Сондықтан, ел астаналары тек жарқын күндердің куәсі болды десек, жалған болар.

ЖАҢА ДӘУІР БЕЛЕСІ

Ел Тәуелсіздігін алып, еңсе тіктегенде жаңа саяси стратегия, өзге бағытты таңдауға тура келгені анық. Егемендікке қол жеткізгенде қабылданған ең елеулі шешім – Қазақстан Республикасының астанасын Алматыдан Ақмолаға көшіру. 1994 жылдың 6 шілдесінде қабылданған қаулы жаңа Қазақстанның, жаңа тарихын жазуға бағытталған еді. 1998 жылы 6 мамырда Астана атауы ресми түрде бекітілсе, 10 маусымда жас астананың тұсаукесері халықаралық деңгейде өткізілді.

Жалпы астананың бүгінгі Нұр-Сұлтан қаласына көшуі кездейсоқ шешім емес екені анық. Бұл Алаш зиялыларының асыл арманының ізі-тұғын. Мәселен, Олихан Бөкейханұлы «Григорий Николаевич Потанин» атты мақаласындағы: «Қазақтың автономия қылсақ, Қараөткел – Алаштың ортасы, сонда университет салып, қазақтың ұл-қзынын оқытсақ, «Қозы Көрпеш – Баянды» шығарған Шоқан, Абай, Ахмет, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін Еуропа сонда білер еді-ау» деген арманы бүгінде шындыққа айналды. Еуразия континентінің кіндігіне орналасқан қала өзіндік қайталанбас бет-бейнесін қалыптасып, әлемдік деңгейде бедел жинауға ұмтылды. 2010 жылғы ЕҚЫҰ саммиті «Астана лебі» деген терминді қалыптастырып, қазақтың жас астанасының амбициясын айғиді. Қазір Нұр-Сұлтан жыл сайын халықаралық деңгейдегі жиындар мен басқосулар өтетін орынға айналды.

Бастапқыда Арқаның төсіне жаңа шаһар салу идеясын құптамағандар уақыт өте шешімнің ұтымды тұсын аңғара бастады. Оған экономикалық, мәдени жетістіктер түрткі болса керек. Тіпті Нұр-Сұлтан қаласы 1999 жылы ЮНЕСКО шешімімен «әлем қаласы» атағын да алды. Бүгінде Елорда ғаламдық маңызға ие самиттер мен басқосулар өтетін, дінбасылар мен саясаткерлер жиналатын бейбітшілік мекеніне айналды. Мұның барлығы келешек Қазақстанның келбетін айқындай анық.

Елорда қай қиырда болмасын, қазақ қоғамы мен өміріне оң өзгеріс әкелуге жол ашты. Әрбір шаһар өзіндік ерекшелік пен болмысты сыйлап, халықтың тұрмыс сапасына да оң әсерін тигізгені бар. Сондықтан астаналар халықтың тағдырына тікелей ықпал етті десек артық емес.

Еркін ШАМШАДІН

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Қала әкімі Ғанибек ҚАЗАНТАЕВ:

ТҮРҒЫНДАРДЫҢ МӘСЕЛЕСІ ӘРДАЙЫМ НАЗАРДА

Қала әкімі Ғанибек Қазантаев Белкөл кенті мен «Еңбек» саяжайына барып, аталған аумақтардың бірқатар мәселелерін назарға алды.

Қала басшысы алдымен «Балапан» балабақшасына барды. №93 санаторлық бөбекжайы 1991 жылы ашылған. 2016 жылдан бастап 140 орындық коммуналдық қазыналық кәсіпорын болып қайта құрылды. Өткен жылы «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында күрделі жөндеу жүргізіліп, Қазіргі кезде бөбекжайда барлығы 136 бүлдіршін тәрбиеленуде.



Мұнан соң шаһар басшысы ашылғанына екі жыл болған мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясындағы дәрігерлік амбулаторияға бас сұқты. Бір ауысымда 20 адамды қабылдай алатын дәрігерлік амбулаторияда 10 медицина қызметкері тұрғындарға қызмет көрсетеді. Ғанибек Қонысбекұлы кездесу барысында кент тұрғындарына вакцина алу жұмыстарын жандандыру керек екендігін атап өтті.

Шаһар басшысы кенттегі сауықтыру спорт кешеніне де барды. 2019 жылы салынған 2 қабатты спорт кешенінде бүгінде ақысыз негізде еркін күрес, бокс, джиу-житсу, қаратэ үйірмелері жұмыс жасайды. Спорт кешенінде 5 жаттықтырушы, 400 спортшы бар.

Жалпы Белкөл кентінде 4600-ден аса халық тұрады. 21 көшеге 10 асфальт төселген. 2020 жылы «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында біршама жолдарға орташа жөндеу жұмыстары жасалынған. Тұрғындармен кездесу барысында кент ақсақалы Қасқабая Салпаров тұрғындарға қиындық туғызып отырған мәселелерді шаһар басшысына жолдады. Тұрғындардың кентке жауу жүргізуін жолын салу керек екенін айтты. Сондай-ақ теміржол өткелінен өтерде тұрғындардың өмірі мен денсаулығына қауіп туғызып отырған өткелге жауу жүргізушілерге арналған көпір қажет екенін жеткізді.

Қала әкімі аталған жұмыстарды қолға алып, ел игілігі үшін жұмыс жасайтынын жеткізді.

ТАПШЫ СУДЫҢ АМАЛЫ ТАБЫЛАДЫ

Қала әкімі шаһардағы бірқатар нысанды аралады. Шаһар басшысымен бірге қалалық мәліхат хатшысы Ибадулла Құттықожаев Сара Есова көшесіндегі 7 жыл бұрын салынған футбол алаңына барды. Жалпы аумағы 2100 шаршы метрді құрайтын алаң бүгінгі күні ағымдағы жөндеу жұмыстарын қажет етеді. Бұл алдағы уақытта мәселе шешімін табатынын болды.

Мұнан соң шаһар басышы 1966 жылы салынған №5 емханаға барды. Мұндағы басты мәселелерді емхананың бас дәрігері Жассылық Әбдусаметов қала әкіміне баяндады. №5 қалалық емханаға 36 651 тұрғын қарайды. Алайда емхана тұрғындарға қызмет көрсетуге тар екенін жеткізді. Айта кетейік, негізінен тұрғындарға көмек көрсету үшін, жалпы ғимараттың көлемі 7,5 шаршы метрден кем болмауы керек. Бүгінде аталған шағын ауданға жанадан емхана салу үшін жоба-металық құжаттарын әзірлеп, 2023 жылы жаңа емхана салу жоспарланған болатын.



Жоспарға сәйкес емхана құрылысын жүргізу үшін жер телімін бөлулі қажет етеді. Сондай-ақ Б.Момышұлы көшесіндегі екінші ғимаратында күндізгі емдеу бөлімі орналасқан. №5 емхананың бас дәрігері Жассылық Әбдусаметов осы екі ғимарат арасында тұрғындарға қатынау үшін көлік қатынасы қиындық туғызатынын жеткізді. Ал қала әкімі көтерілген екі мәселені назарға алып, жұмыс жүргізетінін айтты.

Жалпы «Титов» тұрғын ауданы 3 дана ауыз су ұңғымалары мен шыны зауытында орналасқан 2-ші су көтеру насосты станциясы арқылы ауыз сумен қамтамасыз етіледі. Қуаттылығы тәулігіне 3000 м3 құрайды. «Титов» тұрғын ауданындағы ауыз су тапшылығын шешу мақсатында уақытша «Шыны зауыты» су алу құрылымынан бастап Қашаубаев көшесіне дейінгі аралыққа д-160 мм, жалпы ұзындығы 1850 метр болатын ауыз су жүйесі жүргізіліп, бүгінде тәулігіне 1000-1200 м3 су таратылууда.

Қазіргі таңда бұл ауданда көпқабатты

тұрғын үйлер, әлеуметтік нысандар және жеке тұрғын үй құрылыстары көптеп салынууда. Сәйкесінде тұтынушылардың көбеюіне байланысты ауыз су тапшылығы орын алууда. Аталған мәселені шешу мақсатында, қалалық құрылыс бөлімі арқылы тұрғын ауданға тәулігіне 600 м3 су беретін 3 ұңғымалы бұрғылау құрылысын жүргізу үшін жоба сметалық құжаттары дайындалуда.

Ал, «Гагарин» тұрғын ауданы 2 дана ауыз су ұңғымалары мен қосымша қалалық орталықтандырылған ауыз су жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі. Жалпы қуаттылығы тәулігіне 2400 м3 құрайды. Бұл тұрғын ауданы бойынша да жеке тұрғын үйлер, әлеуметтік нысандар және жеке тұрғын үй құрылыстары көптеп салынууда. Сәйкесінде тұтынушылардың көбеюіне байланысты ауыз су тапшылығы орын алууда. Сондай-ақ «Орленок» №1 ұңғымасының тереңдігі 70 метр болатын Қызылорда кен орнының ауыз су сапасының нашарлығынан осы аудан тұтынушыларының наразылығы туындауда.

Осыған орай «Титов», «Гагарин» тұрғын аудандарының халқын үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында «Титов» кешенді су алу құрылымының құрылысын, яғни 2-ші су көтеру насосты станциясы, 2 дана таза су резервуары, 6 дана ұңғымалы бұрғылау үшін 3 га жер бөлініп, құжаттары рәсімделуде. Ғанибек Қонысбекұлы сала басшыларына бұл аймақтардағы жұмыстарды күшейтуді жүктеді.

«Ақмешіт-ақпарат»

Қалалық ардагер кеңесінің ұйымдастыруымен Елорда күні қарсаңында «Астана – Елбасы бастамасы» тақырыбында қазыналық қарттармен кездесу кеші өткізіліп, онда елдің нығайту жолында еселі еңбек еткен ардақты ардагерлерге құрмет көрсетілді.

ҚАРИЯЛАР ҚҰРМЕТ ТӨРІНДЕ

Шараға облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, қоғам қайраткері Ержан Уайыс, еңбек ардагері Сәпен Аңсақ қатысып, пікір білдірді.

– Тәуелсіз Қазақстанның дамуы жолында тынбай еңбек етіп, ұрпақ алдында айырылға кенелген қариялар қашанда құрметке лайықты. Көбіне бұл кісілердің есімі ескерусіз қалды. Екі қоғам мен екі дәуір арасында еңбек еткен ардақтылардың өнегелі өміріне біз мәңгі қарыздармыз. Олар уақытпен санаспай, күндіз-түні жұмыс жасады. Бүгінгі басқосу жиынына КСРО жоғарғы кеңесінің депутаты Назира Сисенова, Қазақстан жоғарғы кеңесінің депутаты Зейне Тайшова, Баян Әріп, I және II дәрежелі «Даңқ» орденінің иегері Бибіжамал Қонысова қатысып отыр. Сонымен қатар Ленин орденінің иегері Рысты Өкшебаева, облыстық партия комитетінің бюро мүшесі Әтірқұл Арушаева, алғашқы автокөлік жүргізушісі Қулипа Ахметова, Қубада күріш өсірген диқан Кеншібай Алшоразов бар. Барлығы да саналы ғұмырын ел игілігі жолына жұмсаған қоғам қайраткерлері. Сондықтан олар қандай құрметке де лайықты. Астана күні қарсаңында ардагерлердің басын қосып, өнегелі өмір жолын ұрпаққа үлгі ету басты мақсатымыз. Алдағы уақытта бұл бастама жалғасын таба бермек. Қала бойынша 30 мың ардагер бар. 225 бастауыш ұйым жұмыс жасауда. Ардагерлер аптасына бірнеше рет осында кездесіп, пікірлесіп тұруды алдына мақсат тұтып отыр. Осы айдың ортасында Түркістан қаласына саяхаттауды жоспарлап отырмыз. Мұның барлығы ардагерлер көрсетілетін құрметтің бір парасы ғана, – дейді қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жақай Бодықбаев.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Елорда күні мерекесі аясында қала орталығынан «Нұрсәт» теннис орталығының жанынан жазғы теннис корты ашылды. Нысанның ашылу рәсіміне облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова қатысты.

ЖАЗҒЫ ТЕННИС ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ



— Бүгінде Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен, ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қолдауымен спорттың бұқаралық сипат алуына ерекше көңіл бөлініп, спортпен шұғылданушыларсыз артуға. Қазіргі таңда облыста бұқаралық спортпен шұғылданатын тұрғындар үлесі 31,3 процент құрады. Халықтың

спорттық нысандарға қолжетімділігін арттыру мақсатында «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында осы жылы облыс бойынша 5 спорт кешенінің, атап айтқанда Арал ауданы Қамыстыбас және Аманөткел ауылдары, Қазалы ауданы Пірімов ауылы, Қармақшы ауданы Жосалы және Жалағаш ауданы Жалағаш кенттерінде құрылысы жүргізілетін

болады. Сонымен бірге «Самұрық» корпоративтік қорының демеушілігімен Қызылорда қаласындағы Ж.Махамбетов ауылдық округінен көпбейінді спорт кешенінің құрылысы басталады, – деді аймақ басшысы.

Спорт саласының құрметті ардагері, спорт ардагері Юрий Ким теннисшілерді жаңа қорт ашылуымен құттықтап, Елбасымен бір теннис кортында кездескенін еске алды. Сондай-ақ теннистен республикалық турнирлердің жеңімпазы Урсула Рахмет облыс басшылығына аймақта спорт саласын дамыту бойынша жүргізіліп жатқан жұмысы үшін алғысын білдірді.

Жаңа теннис кортының ғимараты жазғы мезгілде ойнауға арналған. Ғимараттың ені 45 метр, ұзындығы 90 метр. Ғимаратта 4 теннис корты орналасқан және басқа да спорттық ойын түрлеріне алаң қарастырылған. Оның ішінде бір мезетте 16 адам немесе 40 бала жаттығу жұмыстарын жүргізеді. Нысанның құрылыс жұмысы 2018 жылы басталып, 2021 жылдың маусым айында аяқталды. Қазіргі таңда «Нұрсәт» теннис орталығында 120 спортшы мен 3 жаттықтырушы жұмыс жасайды.

«Ақмешіт-ақпарат»



ТАРИХИ МИССИЯ

Астана – әлемнің екінші ұстазы, данышпан Әл-Фарабидің пайымы бойынша «қайырымды қала». Ғұлама «Асқан игілік пен ең биік кемелділік дәрежесіне ең алдымен жоғары дәрежелі дамыған қоғамның қайырымды қаласы – Астанасы жетеді» деп санаған.

Қайырымды қала – мін-ақауы аз, тұрғындары заңға ден қойған, адамдарының пенделіліктерінен гөрі рухани сипаты басым, әділеттілік пен парасаттылық жайлаған бейбіт қала.

Қазақтың ордасын Сарыарқаның төріне орнықтыру идеясы Алаш зиялыларының арманы болатын. Бір ғасырдан астам уақыт бұрын бұл идеяны алғаш Алаш қозғалысының көшбасшысы Әлихан Бөкейхан өзінің «Григорий Николаевич Потанин» атты мақаласында «Қазақты автономия қылсақ, Қараөткел – Алаштың ортасы, сонда университет салып, қазақтың ұл-қызын оқытсақ «Қозы Көрпеш-Баянды» шығарған Шоқан, Абай, Ахмет, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін Еуропа сонда білер еді-ау», – деген арман-тілегін келтіреді. Өкінішке орай, сол кезде қалыптасқан саяси ахуал қазақтың туын Қараөткелге (қазіргі аудан орталығы – Ақмол ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 18 км-дей жерде) тігуге мүмкіндік бермеді. Бұл Әлихан Бөкейханның сөзімен айтқанда, «Мемлекеті жоқ халық – жетім халық» күйін кешкен уақыт болатын.

Алаш зиялылары жүзеге асыра алмаған мүмкіндік, XX ғасырдың 90-шы жылдарындағы азаттықпен бірге келді. Сан ғасырлық ұрпақ армандаған тәуелсіздікке қол жеткіздік. Сарыарқаның төріне көшірілген елордаға жаңа Қазақстанды қалыптастыру миссиясы бұйырды. Бұл жетістіктердің барлығы Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ерік-жігері мен алысты болжағыш саяси қайраткерлігімен тікелей байланысты.

Еліміздің XX ғасырдағы астаналарының тарихына көз жүгіртсек, әрбір қала өзіндік миссияны орындап шыққанын байқаймыз.

1920 жылы 26 тамызда Бүкілресейлік ОАК мен РКФСР ХКК «Қырғыз (қазақ) автономиялы социалистік кеңес республикасын құру туралы» Декрет қабылданып, 1920-25 жылдары Орынбор қаласы Қырғыз (Қазақ) автономиялы социалистік кеңес республикасының астанасы болды. Патшалық отарлық кезеңнен кейінгі мемлекеттік дәстүрлердің қайта жаңғыруының, ұлттық әкімшілік элитаны қалыптастыру бастауында тұрды.

1925 жылы Орта Азиядағы ұлттық-аумақтық межелеуден соң, Түркістан АКСР-нің құрамында болып келген Сырдария мен Жетісу облыстары Қырғыз (Қазақ) АКСР-нің құрамына енуімен республика астанасы Ақмешітке ауыстырылды. Сол жылдың 15-19 сәуір аралығында Ақмешітте өткен Кеңестердің Бүкілқазақстандық V съезінде мемлекетіміздің «Қырғыз» атауы «Қазақ» деп өзгертіліп, халқымыздың тарихи аты қайтарылды. Ақмешіт қаласының атауы Қызылорда деп өзгертілді.

1929 жылы ел астанасы Сыр өңірінен Жетісуға ауысты. Бұл шешімнің қабылдануына Түркістан-Сібір темір жолының іске қосылуы да өз есерін тигізді. Ауа-райы қолайлы, табиғаты көркем ірі әкімшілік шаһар

Алматы қаласы аз уақыт ішінде елдің саяси, экономикалық және мәдени орталығына айналып, 1936 жылы одақтас республика атанды.

Алматы қаласы жетпіс жылға жуық республиканың бас қаласы миссиясын абыроймен атқарды. Мемлекеттік тәуелсіздік туралы Декларацияға қол қойылып, бабалар аманаты орындалды. Тәуелсіздіктің нышандары қабылданды.

Бұл қалалар өз тарихи миссияларын толық орындады. 1997 жылдың желтоқсанында ұлы көш Жетісудан Сарыарқаға бет түзеді. Елбасымыз Н.Назарбаев елорданы Астанаға көшіру бастамасымен тәуелсіз еліміздің дамуына жаңа серпіні беріп, бүгінде Есіл өзенінің бойында орналасқан бұл қала озық идеялар мен нақты істердің ұйытқысына айналып отыр.

Елорданы ауыстыру идеясы турасында Елбасы: «Жаңа астанаға көшу және оны салу туралы ой менде ертеректе, сонау алыстағы – 1992 жылы туған еді, бірақ мен ол кезде мұны аузымнан шығармадым, өйткені Қазақстанның экономикасы ойлағанды іске асыруға мүмкіндік бермеді», – деген болатын.

Ел дамуының жаңа кезеңіндегі астана, қазақстандықтарды біріктіретін еліміздің бас қаласы ғана болып қалмауы керек, сонымен қатар қарқынды қауырт экономикалық белсенділікті қамтамасыз ететін ел экономикасының локомотивіне айналуы тиіс-тін.

Елбасы астананы ауыстырудың негізгі себептерін былайша түйген еді:

Біріншіден, астананы ауыстыру Қазақстанды геосаяси жағынан күшейтудің қажеттілігінен туындады. Сондықтан елдің бас қаласының орын анықтауға ерекше көңіл бөлінді. Астана, өзіне еуропалық және азиялық озық дәстүрлерді сіңіріп отырған Еуразия құрлығының орталығы болып табылады. Қала төрт тарапқа: Оңтүстікке, Солтүстікке, Батысқа, Шығысқа бірдей ашық.

Екіншіден, бұл шешімді қабылдағанда қауіпсіздік мәселесі де ескерілді. Тәуелсіз мемлекеттің астанасы, мүмкіндігінше, сыртқы шекаралардан жырақта және елдің ортасында орналасуы тиіс.

Үшіншіден, астананың орын ауыстыру Қазақстанның экономикасын сауықтыру қажеттілігінен де туындады. Ол елдің экономикасы үшін тиімділікті қамтамасыз етті. Өңірлердің дамуына серпін беріп, экономиканың, құрылыс материалдары өндірісі, жол төсеніштері, энергетика және машина жасау сияқты салалары аяғынан тұрды. Тұрғын үй құрылысы дамыды.

Төртіншіден, астананы Солтүстік аймаққа қарай көшіре отырып, онда титулдық ұлт өкілдері санының артуына оң ықпалын тигізді. Бұл этносаралық қарым-қатынастың дамуына септігін тигізіп, қоғамдық келісімнің дамуына жағдай жасады.

Әрине, астананы есім Алматыдан Ақмолаға ауыстыру шешіміне бару Елбасы үшін қиынға соқты. Оны қолдаған, түсінген әріптестері де аз болған. 1994 жылдың 6 шілдесінде Жоғарғы Кеңес сессиясының пленарлық мәжілісінде астананы Алматы қаласынан Ақмолаға ауыстыру туралы идеясын ұсынады. Ұзаққа созылған пікірталасан соң, ұсыныс басым дауыспен қолдауға ие болады.

Бұл сәттер туралы Елбасы: «Елорданы ауыстыру туралы менің идеямды психологиялық жағынан қолдағандар көп болған жоқ. Тіпті менің жаңамның өзінде де мұны барлықтары «иә» дей қойған жоқ. Сөйтіп, барлығын іс жүзінде, таза ақ парактың беттерінен бастауға тиіс болды», – дей келіп, «Оған Алматының несі ұнамай қалыпты? Одан да жалақы мен зейнетақыны уақытында берсін де!» деген шымшыма сөздерді жиі естідім», – деп еске алады.

Насихаттық жұмыстың кеңінен жүргізілгеніне қарамастан, халықтың басым бөлігіне астананы ауыстырудың себебі жұмбақ күйінде қалды. Көптеген басылмаларда ресми себептер қабылданған шешімді түсіндіруге жеткіліксіз болды. Іргелес мемлекеттердің көзқарастары да белгілі болып қалды. Мәселен, «Коммерсант» газетіндегі «Персональная столица Президента Назарбаева» деген мақалада «демократия болмаған жағдайда, ешкімге түсініксіз, доуірлік жобалар пайда болуы мүмкін. Ешқандай да стратегиялық ойлау, орасан зор қаржыны еңбекақы мен зейнетақыны төлеуден, ел азаматтарының басқа да проблемаларын шешуден бұрып әкетуді ақтай алмайды», – делінген.

Сондай-ақ егер бұл көшу ауылдан келетін қазақ мигранттарын адырастыратын, олардың көңілдерін Алматыдан басқа жерге аударуға және өңтүстіктің кедей халқының тасқынын солтүстікке қарай бұратын аса зор алдаусырату болмаса, бұл әрекет қазіргі саяси режимнің жойылуының басы болады деген болжамдар мен түрлі алып-қашпа әңгімелерде таралды.

Бүгінде уақыт биігінен бағамдасақ, Елбасының астананы көшіру идеясы дұрыс әрі дер кезінде жүзеге асырылған шешім болғанын байқаймыз. Қазіргі таңда қала халқының 80%-ке жуығы титулдық этнос өкілдері, солтүстік өңірлерде қазақ халқының үлесі 50%-н асты.

Астанамыз ЮНЕСКО-ның арнайы бейбітсүйгіш қала деген бағасына ие болды. Қазіргі таңда әлемдік диалог алаңы ретінде қалыптасты. 2010 жылы Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының саммиті, 2011 жылы Қысқы Азия ойындары, 2017 жылы ЭКСПО халықаралық көрмесі өткізілді. Дәстүрлі діндер мен конфессиялар көшбасшыларының съезі тұрақты түрде өткізіліп, Сирия дағдарысы бойынша Астана процесі атауымен бітімгершілік алаң қызмет етті. Президентіміз Қ.Тоқаев «Тарихи тұлға тағалымы» мақаласында «Елбасының елорданы Есілдің жағасынан салу жөніндегі бастамасы еліміздің геосаяси бағытын нығайтуға үлкен үлес қосты және біртұтас ел ретіндегі дамуымызды айқындай түсіп, елді біріктіруші факторға айналды», – деді.

Нұр-Сұлтан қаласы – әрбір қазақстандықтың арман-тілегінің нақты жүзеге асуының белгісіндей. Бұл ұлы дала елі көгінде жүздеген жылдар бойы бостандық пен тәуелсіздік идеясы қалықтап жүрген ата-бабаларымыздың асыл мұратының орындалғаны. Бүгінде мыңдаған жылдар бойы уақыт керуенімен бірге тыныстаған Қазақстанның ұлан-ғайыр даласында мемлекеттік шешімдер мен әлемдік бейбітшілік бастамалары қабылданып, жүзеге асырылуда.

Уәлихан ИБРАЕВ,
облыстық «Рухани жаңғыру»
орталығының директоры,
тарих ғылымдарының кандидаты

ҰЛТ БЕДЕЛІ

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойының мазмұны «Рух», «Бірлік», «Жасампаздық», «Елорда» деген ұлы ұғымдар тұтастығының символына айналуы тиіс. Осы ұлы ұғымның берекесі елімізді биік белеске бастады. Жарқын жасампаздықтың шынайы үлгісі ретінде ерке Есіл бойынан еңселі алордамыз бой көтерді. Тәуелсіздіктің отыз жылдық мерейтойы осы ұғымдардың тұтастығын паш ететін және елдік рух күдіретін өскелең ұрпақ бойына сіңіре білетін мазмұнға шақ болуы шарт.



Көз алдымызда өзгерген жас елорда – Қазақстан халқының жасампаздығының, шығармашылығы мен өрлеуінің символы. Астананы салуға еліміздің 71 қаласы, 432 құрылыс компаниясы қатысты, 135 зауыт құрылысты материалдармен жабдықтап отырды.

Қазақ сәулетшілері Саматбек Бөкебай, Ақмырза Рүстембеков, Жандарбек Мәлібеков, Бактыбай Тайтәліевтің сызбалары нәтижесінде аз уақыт ішінде көз тойып, көңіл қонштыр кешенді үйлер бой көтерді.

Жергілікті мекемелермен бірге жаңа астананы түрік, итальян, француз, швейцар компаниялары да көтерді. Жыл сайын 60-тан 100-ге дейін орташа және ірі нысандар пайдалануға беріліп отырды. Қарқынды құрылыс пен бүкілхалықтық қолдау Қазақстан даласында қазіргі заманғы, жаңғыртылған, қайталанбас келбеті бар қала салуға мүмкіндік берді.

Қаланың елорда мәртебесін иеленгеннен бергі жылнамасы адамзат тарихы үшін қас-қағым сәтпен пара-пар екендігі даусыз. Алайда бұл қаланың шежіресі тарих тереңінен тамыр тартады. Елбасы «Еуразия жүрегінде» кітабында: «Қалалардың да адамдар сияқты өз тағдыры болады. Олардың арқайсысының өз аты, қайталанбайтын өмірбаяны, дүниеде ешбір жерге ұқсамайтын өзіндік айрықша мінезі мен белгілері бар» деп жазған.

Шежіресі ғасырлар қойнауынан сыр шертетін бүгінгі елорданың сән-сәулеті барша халықтың көз алдында дамып, миллиондаған халықтың қозғаймына айналды. Асқақтаған астана туралы сөз қозғағанда, Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ой-княльнан туындап, бүкіл әлемге әйгіленген «Бәйтерек» сымды символы, Бейбітшілік пен келісім сарайы және келешек керуеніндегі бой түзетін басқа да әкімшілік ғимараттары ауызға алдым еліміз.

Астана құрылысы әлемдік архитектуралық ақыл-ойдың тәжірибе алаңына айналды. Көкжиекпен көмкерілген жазира далада аспанмен таласқан ғимараттар сән жарастырып, сәулет өнерінің салтанатын асырды. Бас қаланың бас жоспарын жапондық сәулетші Кишэ Курокава жасап, Астананың архитектуралық айынын айшықтаған Бейбітшілік пен келісім сарайы мен «Хан Шатыр» сауда және ойын-сауық орталығы атақты ағылшын архитекторы Норман Фостердің шығармашылық ізденісін жемісі, ал бас қаланың сәулет және мәдени өмірінің сәнін асырған киноконцерт залы итальялық сәулетші Манфредо Николеттидің қолтаңбасы.

«Хан-Шатыр» кешенінің құрылысын бастамас бұрын Норман Фостер көшпенділердің тарихын зерттеп, тарих жылнамаларында хан ордаларында шатырлардың сән-салтанат құрып, асқақтап тұратынын дәл тапқан. Содан кезіп үй бейнесін кешенің бейнелік шешімі ретінде алды.

Сондай-ақ Бейбітшілік пен келісім сарайының құрылысын жобалау кезінде енгізілген жаналығының арқасында Норманның есімі архитектура тарихына жазылды. Бұл – ғимараттың тарих пен мәдени құбылыс болудан өзге, Арқа төсіндегі астананың ауа-райы мен климаттық жағдайына ыңғайланып жасалған техникалық шешімнің көрінісі. Арқа беліндегі қатты жел ғимараттың құрылысына да зиянын тигізе алмайды, сондай-ақ арқаның құбылмалы температурасына да төтеп бере алады.

2017 жылы өткен «ЭКСПО – 2017» халықаралық көрмесінің негізгі символы болып табылатын бірнеше қабаттан тұратын, шар тектес «Астана-Қазақстан» кешенінің ауданы 24000 шаршы метрді құрайды.

Көрме тақырыбы жасыл энергетикаға арналғандықтан сфера табиғи көздерден қуат алатындай етіп салынды. Оның сыртын қаптап тұрған шыны-нанокерамикадан жасалған. Бұл материал қыста суықты, жазда ыстықты өткізбейді. Ал сфераның үстіңгі бөлігінде орналасқан желден, күннен қуат алатын қондырғылар 47 киловатт электр энергиясын өндіруге қауқарлы. Сонымен қатар жердің астында геотермалді қондырғылар орнатылған. Ол да жердің қызуынан электр қуатын өндіреді.

Бұл эскиз-жобаның авторы – Адриан Смит бастаған АҚШ сәулетшілері тобы. Авторлардың көзқарасы бойынша, осы эскиз-жоба қазақтың ұлттық дәстүрлерін «Үшінші өнеркәсіптік революция» және «Болашақтың энергиясы» қағидаларымен байланыстырған.

Келешегі кемел, ертені нұрлы Қазақстан мемлекетінің әлемдік аренадағы абыройы да, беделі де – Нұр-Сұлтан қаласы. Біздің еңселі елорда – ғасыр ғаламаты.

Н.КЕЛМАҒАМБЕТОВ,
техника ғылымдарының кандидаты

Ауылдық округтері әкімдерін сайлауына орай
«Сыр медиа» ЖШС-на қарасты қалалық
«Ақмешіт апталығы» газеті кандидаттардың
сайлауалды үгіт-насихат материалдарын
орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады

Қалалық «Ақмешіт апталығы» газеті 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады. Газет форматы А2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына екі рет: сейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы - 4184 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде:

• бірінші бетте орналастыру – 250 теңге;

• ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге;

• ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.

Үгіт-насихат материалдары 2021 жылдың 14 шілдесі сағ. 18.00-ден 22 шілдесіне дейін қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10/1058/, e-mail: smjarnama@mail.ru



АТАМЕКЕН, МЕН СЕНІ БІЛЕМІН БЕ?



ЕСІЛ ЖАҒАСЫНДАҒЫ ЕҢСЕЛІ ЕЛОРДА

Біз газетіміздің тұрақты айдары бойынша бұл жолы Нұр-Сұлтан қаласына шолу жасағанды жөн көрдік. Биыл тәуелсіздігімізге 30 жыл, еліміздің бас қаласына 23 жыл толуға...



жер асты, жер және аспан әлемі. Төрт жарым метр тереңдікте орналасқан астыңғы кабатта кафе, аквариум және «Бәйтерек» мини-галереясы орналасқан.

Алып шарға желдесаты арқылы көтеріліп, үлкен залға еніп, қаланың толық көрінісін көруге болады. Зал ортасында әлемдік діндердің өкілдері кол койған 17 жапырақты ағаш глобус және қазақ елінің бейбітшілік нышанына айналған «Аялы алақан»...

Сонымен қатар ашық аспан астындағы «Атамекен – Қазақстан картасы» этно-мемориалды кешенінде қазақ жерінің сұлу табиғаты бейнеленген. Картада 14 облыс және Нұр-Сұлтан мен Алматы қалалары орналасқан.

Келесі нысан – «Қазақ елі» мемориалды кешені. Мәрмәр монумент – кең-байтақ қазақ жері мен оның халқының бірлігін, болашақта көркейіп, дамуының белгісі. Биіктігі 91 метрге жететін монумент қазақ елінің 1991 жылы егемендік алғанын бейнелейді.



Монумент шындығында алып самұрық құс, төрт жағында «Алғашқы Президент пен Қазақ халқы», «Қаһарман», «Болашақ» және «Жасампаздық» қола барельефтері қашалған.

Халықтың жиі баратын орны – «Хан-шатыр» сауда және ойын-сауық орталығы. Танымал британдық сәулетші Норман Фостердің жобасымен салынған. Қала орталығында бой көтерген бұл орталық салмағы 2300 тонна болатын металл қондырғылардан тұрғызылған.

Шатырдың биіктігі 150 метрге дейін жетеді. Сыртқы жағы тұтас әйнектермен қапталған. Арнайы қондырғылар ішкі температураны бір қалыпты сақтайды. Алты кабатты орталықта сауда нүктелерімен қатар, ойын-сауық орындары жұмыс істейді.

Думандататын орынның бірі – «Думан» ойын-сауық орталығы. 2003 жылы мамыр айында жұмысын бастаған бұл кешенде мұхит аралы, 5D-кинотеатр үлкен күмбезді кеңестік, сауда нүктелері мен тамақтану орындары бар.

ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР

1998 жылы Нұр-Сұлтан қаласы ЮНЕСКО шешімімен «Бейбітшілік қаласы» деген атауға ие болып, медальмен марапаттады. Бразилияда өткен дүниежүзілік байқауда әлем бойынша 12 жас қаланың ішінен астана жоғары атақты иеленді.

Нұр-Сұлтан – Азия елдерінің ішіндегі солтүстікте орналасқан астана. Нұр-Сұлтан – әлемдегі суық астаналардың қатарында. Улан-Батор қаласынан жылдық ал Оттавандан суық.

Әлемдегі екі елдің астанасы Солтүстік Мұзды мұхит бассейнінде орналасқан. Монғолия астанасы Улан-Батор қаласы Енисей, ал Нұр-Сұлтан Есіл өзенінде орналасқан.

Қала жобасымен атақты жапон сәулетшісі Кисе Курокава айналысты. Су қоры 3 миллион литрге жететін мұхит аралда теңіз жөндіктерінің 100-ден астам түрі мекен етеді.

Тазғым ететін орынға «Отан Ана» кешені жатады. Жоңғар шапқыншылығы мен Ұлы Отан соғысы кезінде ерлікпен қаза тапқан жаңдырдың құрметіне салынған. Ұзындығы 24 метрді құрайтын мемориал ортасында граниттен тұрғызылған таста алтын шара ұстаған әйел бейнеленген.

Көзге ерекше түсетін декоративтік мүсіндер. Нұр-Сұлтан қаласының басылығы суретшілер, дизайнерлер және сәулетшілердің арасында үлкен байқау ұйымдастырды.

Тағмырлық баққа барынғыз. Негізгі ғимараты пирамида пішіндес бақтың жалпы аумағы 92 гектар. Бұл бақты салуға 23 млрд теңге жұмсалса, оның 12 млрд теңгені жекелеген инвесторлардың қаржысы есебінен жүргізілген.

Ботаникалық бақтың айналасында абаттандыру аумағы 141 мың шаршы метр болатын қосымша саябаққа 10 мыңнан астам қылқан жапырақты ағаштар отырғызылған.

Сонымен қатар биіктігі 14 метр болатын «Қазақ еліне мың алғыс» монументін кездестіруге болады. Қазақтың ұлттық киімін киіп, балаларды ойнатып жүрген ана бейнесі қоладан құйылып, жасанды гранит тұғырға орнатылған екен.

Көпірді және велосипед инфрақұрылымын «Өңірлердің Астанаға тартуы» жобасы аясында Атырау, Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қостанай, Ақмола және Жамбыл облыстарының әкімдіктері тұрғызды.

«Бейтерек» монументі биік болуының да өзіндік мәні бар. Бейтерек – ежелгі түрік сөзі, «бай» – үлкен, «тереке» – ағаш деген мағынаны білдіреді.

«Бейтерек» монументі 2002 жылы ашылды. Металл, шыны және бетоннан жасалған бұл сәулеттің құрылысы да ауқымды. Биіктігі – 105 метр, салмағы 1000 тонна металл конструкциясына 500 қада тірек болып тұр.

«Бейтерек» монументі 2002 жылы ашылды. Металл, шыны және бетоннан жасалған бұл сәулеттің құрылысы да ауқымды. Биіктігі – 105 метр, салмағы 1000 тонна металл конструкциясына 500 қада тірек болып тұр.

Елорда десе есімізге бірден алыстан менмұдалап тұратын «Бәйтерек» есімізге түсетіні рас. Бас қалаға жолы түскен әр қонақ сол бір биік ғимаратқа шықпай кетпейді. Ең жоғарысына шығып, алақандағыдай көрінетін елорданың сәулетіне, көз тартар сұлулыққа бір сүйсініп қаламыз. Міне, осы бас қалаға келген көпшіліктің қозғайымына айналған Бәйтерек кешенінің тарихы қандай?

БАС ҚАЛАНЫҢ СИМВОЛЫ – «БӘЙТЕРЕК»

Монументтің негізгі мағынасы ежелгі көпшеңділердің дүниетаныммен тікелей байланысты. Нұр-Сұлтан қаласының «визит карточкасына» айналған бұл нысан халқымыздың «Самұрық» құсы туралы аңыз желісінде салынған.

Бейтеректің ортасындағы алтын жұмыртқа күнге негіз салып тұр. Ал бұл сәтте дінгеқтың жанында жұмыртқаны қарпып алғысы келетін аш құрсақ айдаһар жасырынған.

«Бейтерек» монументі 2002 жылы ашылды. Металл, шыны және бетоннан жасалған бұл сәулеттің құрылысы да ауқымды. Биіктігі – 105 метр, салмағы 1000 тонна металл конструкциясына 500 қада тірек болып тұр.

«Бейтерек» монументі 2002 жылы ашылды. Металл, шыны және бетоннан жасалған бұл сәулеттің құрылысы да ауқымды. Биіктігі – 105 метр, салмағы 1000 тонна металл конструкциясына 500 қада тірек болып тұр.

«Бейтеректің тамақтану үшін жыл сайын мыңдаған турист елордаға барды. Тіпті Нұр-Сұлтанға жолы түскен жолаушының өзін де сәулеттің сұлулығына тамсанбай кетпейді. Ғимараттың қабырғасында талай мәдени шаралардың да шымылдығы түрліген.

«Бейтеректің тамақтану үшін жыл сайын мыңдаған турист елордаға барды. Тіпті Нұр-Сұлтанға жолы түскен жолаушының өзін де сәулеттің сұлулығына тамсанбай кетпейді. Ғимараттың қабырғасында талай мәдени шаралардың да шымылдығы түрліген.

«Бейтеректің тамақтану үшін жыл сайын мыңдаған турист елордаға барды. Тіпті Нұр-Сұлтанға жолы түскен жолаушының өзін де сәулеттің сұлулығына тамсанбай кетпейді. Ғимараттың қабырғасында талай мәдени шаралардың да шымылдығы түрліген.

«Бейтеректің тамақтану үшін жыл сайын мыңдаған турист елордаға барды. Тіпті Нұр-Сұлтанға жолы түскен жолаушының өзін де сәулеттің сұлулығына тамсанбай кетпейді. Ғимараттың қабырғасында талай мәдени шаралардың да шымылдығы түрліген.

СПОРТ

«Qazaqstan Barysy – 2021» кімге бұйырды?

Нұр-Сұлтан қаласында Жақсылық Үшкөмпіров атындағы жекпе-жек сарайында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жүлдесі үшін қазақ күресінен X «Qazaqstan Barysy» республикалық турнирі өтті.



Турнирдің құрметті қонақтары ретінде Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Д.Абаев, ҚР Мәдениет және спорт министрі А.Райымқұлова және Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А.Көлігінов қатысып, балуандарға сәттілік тіледі.

Турнирдің ең ауыр салмақты балуаны Е.Қажыбаев 155 келі болса, ең жеңіл салмақта Ерұлтан Мұзаппаров 90 келі болды. Ақтық белдеуде Шығыс Қазақстан облысы мен Жамбыл облысының балуаны кездесіп, бабы мен бағы тең түскен Дәурен Нұрәлинов (ШҰКО) – «Qazaqstan Barysy» атанды.

Турнирдің ең ауыр салмақты балуаны Е.Қажыбаев 155 келі болса, ең жеңіл салмақта Ерұлтан Мұзаппаров 90 келі болды. Ақтық белдеуде Шығыс Қазақстан облысы мен Жамбыл облысының балуаны кездесіп, бабы мен бағы тең түскен Дәурен Нұрәлинов (ШҰКО) – «Qazaqstan Barysy» атанды.

Турнирдің ең ауыр салмақты балуаны Е.Қажыбаев 155 келі болса, ең жеңіл салмақта Ерұлтан Мұзаппаров 90 келі болды. Ақтық белдеуде Шығыс Қазақстан облысы мен Жамбыл облысының балуаны кездесіп, бабы мен бағы тең түскен Дәурен Нұрәлинов (ШҰКО) – «Qazaqstan Barysy» атанды.



Ал Бейтеректің ең жоғарғы қабатына панорамалы желдесатымен шыққан жан егемен елдің енесін тіктеп келе жатқан елорданың даму жолындағы қарқынның көзбен көре алады.

Сонымен қатар осы жерде 17 түрлі әлем діндері өкілдерінің қолтаңбасы қойылған ағаш глобус бар. «Бата» деп аталатын бұл композиция 2003 жылы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының бастамасымен елордаға жан-жаналы әлемдік діни конфессиялардың Қазақстанға берген батасы.

Астананың бас символы болған «Бәйтеректі» тамашалау үшін жыл сайын мыңдаған турист елордаға барды. Тіпті Нұр-Сұлтанға жолы түскен жолаушының өзін де сәулеттің сұлулығына тамсанбай кетпейді. Ғимараттың қабырғасында талай мәдени шаралардың да шымылдығы түрліген.

Астананың бас символы болған «Бәйтеректі» тамашалау үшін жыл сайын мыңдаған турист елордаға барды. Тіпті Нұр-Сұлтанға жолы түскен жолаушының өзін де сәулеттің сұлулығына тамсанбай кетпейді. Ғимараттың қабырғасында талай мәдени шаралардың да шымылдығы түрліген.

Астананың бас символы болған «Бәйтеректі» тамашалау үшін жыл сайын мыңдаған турист елордаға барды. Тіпті Нұр-Сұлтанға жолы түскен жолаушының өзін де сәулеттің сұлулығына тамсанбай кетпейді. Ғимараттың қабырғасында талай мәдени шаралардың да шымылдығы түрліген.

Астананың бас символы болған «Бәйтеректі» тамашалау үшін жыл сайын мыңдаған турист елордаға барды. Тіпті Нұр-Сұлтанға жолы түскен жолаушының өзін де сәулеттің сұлулығына тамсанбай кетпейді. Ғимараттың қабырғасында талай мәдени шаралардың да шымылдығы түрліген.

Астананың бас символы болған «Бәйтеректі» тамашалау үшін жыл сайын мыңдаған турист елордаға барды. Тіпті Нұр-Сұлтанға жолы түскен жолаушының өзін де сәулеттің сұлулығына тамсанбай кетпейді. Ғимараттың қабырғасында талай мәдени шаралардың да шымылдығы түрліген.

ТАРИХҚА ТОҚТАЛСАҚ...

1832 жылы Есіл өзенінің жағасы Қараөткел шатқалында Ақмола бекінісі салынды. 1863 жылы 16 шілдеде Ақмола қаласы аймақтық қала болып ресми түрде бекітілді.

1960 жылдың желтоқсанында Ақмола Қазақстанның барлық тәуелсіздігінің орталығы болып жарияланды.

Одан соң қала 1961 жылға дейін Ақмола, 1961 жылдан 1992 жылға дейін Целиноград, 1992 жылдан 1998 жылға дейін қайта Ақмола деп аталды.

1998 жылы Ақмола Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланған соң қала атауы «Астана» деп өзгертілді. Қала Сарыарқаның солтүстігінде, Есіл өзенінің бойында орналасқан.

1998 жылы Ақмола Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланған соң қала атауы «Астана» деп өзгертілді. Қала Сарыарқаның солтүстігінде, Есіл өзенінің бойында орналасқан.

КӨЗ ЖАУЫН АЛАР КӨРІКТІ ЖЕРЛЕР

Еңселі елордаға келген меймандар көрікті жерлерді көруге асығып тұратыны белгілі. «Жақсының көркем үні» дегендей, әріне, аралау керек. Олай болса, біртіндеп тоқтала кетейік...

«Астана-Бәйтерек» кешені. Кешеніңнің биіктігі 97 метр. Металл, әйнек және бетоннан тұрғызылған «Бәйтерек ағашының» жалпы биіктігі 105 метр, салмағы 1000 тоннадан асады. Кешенің үстінде жағымда орналасқан алып шардың диаметрі – 22 метр, салмағы – 300 тонна.

2002 жылы ашылған кешен Нұр-Сұлтан қаласының ғана емес, күллі Қазақстанның нышанына айналды. Мұнара негізгі үш әлемнен құрылған.

Сыр Media жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ. Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы. Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН. Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1.

Газет редакцияның компьютер орталығында тіріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.